

**Хромтау аудандық мәслихатының 2013 жылғы 27 наурыздағы № 98 "Хромтау ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 2014 жылғы 20 қазандағы № 210 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 07 карашада № 4067 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 2017 жылғы 17 ақпандағы № 89 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 17.02.2017 № 89 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, Хромтау аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Хромтау аудандық мәслихатының 2013 жылғы 27 наурыздағы № 98 "Хромтау ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3566 тіркелген, 2013 жылдың 30 сәуірінде аудандық "Хромтау" газетінің № 25-26 санында жарияланған) шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Хромтау ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережесінде 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап:

1 тармақтағы 2 азат жолы бөлігіндегі "8" деген цифр "5" деген цифрмен ауыстырылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың  
сессия төрағасы  
Б. Ашабаев*

*Аудандық мәслихаттың  
хатшысы  
Д. Молдашев*